КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2025 жылғы 28 қаңтар Іс №7119-25-00-2/36 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

«ЭнергоМонтажКостанай» (Ещанов Бауржан Базарбекович) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2) өсімпұл сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қоюы –қанағаттандырылсын.

«ЭнергоМонтажКостанай» (Ещанов Бауржан Базарбекович) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 28.01.2025

Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Бертыбаева С. Т., 11.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«ЭнергоМонтажКостанай» (Ещанов Бауржан Базарбекович) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ЭнергоМонтажКостанай» (Ещанов Бауржан Базарбекович) жеке кәсіпкерінен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 17 978 (он жеті мың тоғыз жүз жетпіс сегіз) теңге өсімпұл сомасы, 539 (бес жүз отыз тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 28.01.2025

Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Бертыбаева С. Т., 11.03.2025